

ЕРЕЖЕ
«Жылы жүрек апталығы»
волонтерлік марафонын өткізу туралы

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Алматы қаласының Қоғамдық даму орталығының «Толық адам» жобасы аясында өткізілетін **«Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек»** байқауы шеңберіндегі **«Жылы жүрек апталығы»** волонтерлік марафонын (бұдан әрі – Волонтерлік марафон) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Волонтерлік марафон жеті күн ішінде өткізіледі және еріктілік мәдениетін, мейірімділік пен қайырымдылықты, әлеуметтік жауапкершілікті, өзара көмек пен азаматтық белсенділікті дамытуға бағытталады.

1.3. Волонтерлік марафонды ұйымдастырушы – «Ақпараттық-ресурстық орталық» қоғамдық қоры, Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасы Қоғамдық даму орталығының тапсырысымен

2. Волонтерлік марафонның мақсаты

Волонтерлік мәдениет пен қоғамдық ынтымақтастықты қалыптастыру, халықтың әлеуметтік осал санаттарына көмек көрсетуге бағытталған волонтерлік бастамаларды қолдау, сондай-ақ гуманизм, өзара құрмет және қоғам алдындағы жауапкершілік құндылықтарын дәріптеу.

3. Волонтерлік марафонның міндеттері

- волонтерлік қозғалысты дамыту;
- жастар мен қала тұрғындарын қоғамдық маңызы бар қызметке тарту;
- қайырымдылық пен өзара көмек мәдениетін қалыптастыру;
- әлеуметтік бастамаларды қолдау;
- командалық жұмыс пен көшбасшылық қасиеттерді дамыту;
- мемлекеттік органдар, ҮЕҰ, волонтерлік ұйымдар және қоғам арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
- үздік волонтерлік тәжірибелерді насихаттау.

4. Волонтерлік марафонға қатысушылар

4.1. Волонтерлік марафонға:

- волонтерлік топтар;
- жастар ұйымдары;

- студенттер;
- үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері;
- азаматтардың бастамашыл топтары;
- Алматы қаласының тұрғындары қатыса алады.

4.2. Қатысу:

- жеке түрде;
- команда құрамында жүзеге асырылады.

Командадағы қатысушылар санына шектеу қойылмайды.

5. Волонтерлік марафонды өткізу тәртібі

Волонтерлік марафонды өткізу мерзімі: 2026 жылғы 1 қыркүйек пен 31 қазан аралығы.

Волонтерлік марафон қатарынан **жеті күнтізбелік күн** бойы өткізіледі.

Марафон аясында қаладағы әлеуметтік нысандарда волонтерлік акциялар мен іс-шаралар ұйымдастырылады.

6. Өткізу алаңдары

Волонтерлік акциялар:

- қарт адамдарға қызмет көрсететін ұйымдарда;
- балалар үйлері мен балаларды қолдау орталықтарында;
- инклюзивті және оңалту орталықтарында;
- әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарында;
- қоғамдық кеңістіктерде;
- Тапсырыс берушімен келісілген өзге де мекемелерде өткізіледі.

Марафонның жетінші күні қорытынды күн болып саналады және Тапсырыс берушімен келісілген жеке алаңда өткізіледі.

7. Волонтерлік іс-шаралардың форматтары

Волонтерлік марафон аясында қатысушылар:

- қайырымдылық акцияларын;
- экологиялық бастамаларды;
- қарт адамдарға көмек көрсету шараларын;
- мүгедектігі бар адамдарды қолдау іс-шараларын;
- балаларға арналған іс-шараларды;
- қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмыстарын;

- білім беру және ағартушылық акцияларды;
- мәдени іс-шараларды;
- өзге де әлеуметтік маңызы бар бастамаларды жүзеге асыра алады.

8. Марафонды ұйымдастыру

Ұйымдастырушы:

- іс-шараларды өткізу кестесін әзірлеуді;
- волонтерлік акциялардың бағыттары мен маршруттарын қалыптастыруды;
- қатысушылардың қызметін үйлестіруді;
- әр кезеңде координаторлардың сүйемелдеуін;
- қажетті шығыс материалдарымен қамтамасыз етуді;
- фото және бейнетүсірілім жүргізуді;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде қорытынды бейнеролик дайындауды;
- ақпараттық сүйемелдеуді;
- сараптамалық қазылар алқасының жұмысын ұйымдастыруды;
- қорытынды іс-шара өтетін алаңды безендіруді қамтамасыз етеді.

9. Бағалау критерийлері

Әрбір критерий он балдық жүйе бойынша бағаланады.

Негізгі критерийлер:

- іске асырылған бастаманың әлеуметтік маңыздылығы;
- көрсетілген көмектің көлемі мен сапасы;
- қатысушылардың бастамашылдығы;
- командалық өзара іс-қимылдың тиімділігі;
- жауапкершілік пен ұйымдастырушылық деңгейі;
- көмек алушыларға ұқыпты әрі құрметпен қарау;
- волонтерлік қызметтің этикалық нормаларын сақтау;
- бастаманың тұрақтылығы және оны одан әрі дамыту мүмкіндігі;
- жергілікті қоғамдастықтың тартылу деңгейі;
- бастаманың «**Жылы жүрек апталығы**» бағытының құндылықтарына сәйкестігі.

Максималды бағалау – **100 балл**.

10. Сараптамалық қазылар алқасы

Қазылар алқасының құрамына:

- мемлекеттік органдардың өкілдері;

- қоғамдық кеңестердің өкілдері;
- үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері;
- қоғам қайраткерлері;
- әлеуметтік сала мамандары;
- волонтерлік ұйымдардың өкілдері;
- қайырымдылық және азаматтық қоғам саласындағы сарапшылар кіреді.

Қазылар алқасы қатысушылардың жұмысын күн сайын бағалайды және марафон қорытындысы бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

11. Қорытынды шығару

Қорытынды іс-шараны өткізу күні: 2026 жылғы қараша айының бірінші онкүндігі, Тапсырыс берушімен келісу бойынша.

Волонтерлік марафонның қорытындысы бойынша үш жеңімпаз анықталады.

Қазылар алқасы жекелеген жетістіктері үшін ақшалай сыйақы қарастырылмайтын арнайы номинацияларды тағайындауға құқылы.

12. Жүлде қоры

Волонтерлік марафонның жеңімпаздары дипломдармен, естелік мүсіншелермен және ақшалай сертификаттармен марапатталады.

I орын – 700 000 (жеті жүз мың) теңге

II орын – 500 000 (бес жүз мың) теңге

III орын – 300 000 (үш жүз мың) теңге

Ынталандыру сыйлығы – жалпы сомасы 150 000 (жүз елу мың) теңге.

13. Қорытынды іс-шара

Волонтерлік марафонның финалы салтанатты рәсім форматында өткізіліп, келесі бөлімдерді қамтиды:

- үздік волонтерлік бастамаларды таныстыру;
- қорытынды бейнероликті көрсету;
- қатысушылардың сөз сөйлеуі;
- үздік тәжірибелермен алмасу;
- жеңімпаздарды марапаттау рәсімі;
- фото және бейнетүсірілім.

14. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

Қатысушылар:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;
- көмек алушыларға және басқа да қатысушыларға құрметпен қарауға;
- қауіпсіздік талаптарын сақтауға;
- іс-шараларды бекітілген кестеге сәйкес орындауға;
- іске асырылған бастамалар туралы шынайы ақпарат ұсынуға міндетті.

15. Қорытынды ережелер

15.1. Қатысуға өтінім бере отырып, қатысушы ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын растайды, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуге және Волонтерлік марафон барысында түсірілген фото және бейнематериалдарды жоба аясында ақпараттық мақсатта пайдалануға келісім береді.

15.2. Ұйымдастырушы қатысушыларды міндетті түрде хабардар ете отырып, Волонтерлік марафонды өткізу мерзімдеріне, қазылар алқасының құрамына және ұйымдастыру мәселелеріне өзгерістер енгізуге құқылы.

15.3. Осы Ереже ұйымдастырушы бекіткен күннен бастап күшіне енеді және Волонтерлік марафон толық аяқталғанға дейін қолданылады.